

# **МУГАЛЛИМ ҲӘМ ҮЗЛИКСИЗ БИЛИМЛЕНДИРИЙ**



***Илимий-методикалық журнал***

---

**2024**

**3/2-сан**

*Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинети жасындағы  
Жоқарғы Аттестация Комиссиясы Президиумының  
25.10.2007 жыл (№138) қарары менен дизимге алынды*

*Қарақалпақстан Баста сөз ҳәм хабар агентлиги тәрепинен  
2007-жылы 14-февральдан дизимге алынды.  
№01-044-санлы гүўалық берилген.*

Нөкис

**3/2-сан 2024**

**июнь**

**Шолкемлестириүшилдер:**

**Қарақалпақстан Республикасы Халық билимлендіриү Министрлиги,  
ӨЗПИИИ Қарақалпақстан филиалы**

**Редактор:**

**А. Тилегенов**

**Редколлегия ағзалары:**

Мақсет АЙЫМБЕТОВ  
Нағмет АЙЫМБЕТОВ  
Айтмурат АЛЬНИЯЗОВ  
Сапардурды АБАЕВ  
Адхамжон АБДУРАШИТОВ  
Хайрулла АЛЯМИНОВ  
Байрамбай ОТЕМУРАТОВ  
Алишер Алламуратов  
Дилшодхұја АЙТБАЕВ  
Интизар АБДИРИМОВА  
Тұлқин АЛЛАЁРОВ  
Марифжон АХМЕДОВ  
Умида БАҲАДИРОВА  
Фарҳад БАБАШЕВ  
Ботир БОЙМЕТОВ  
Гулзода БОЙМУРОДОВА  
Шахло БОТИРОВА  
Маманазар ДЖУМАЕВ  
Асқар ДЖУМАШЕВ  
Мухтар ЕРМЕКБАЕВ (Шымкент,  
Қазақстан)  
Алишер ЖУМАНОВ  
Гүлнара ЖУМАШЕВА  
Холбой ИБРАГИМОВ  
Шохидә ИСТАМОВА  
Умида ИБРАГИМОВА  
Лола ИСРОИЛОВА  
Алима КЕНЖЕБАЕВА (Тараз,  
Қазақстан)  
Ярмухаммат МАДАЛИЕВ (Шымкент,  
Қазақстан)  
Меруерт ПАЗЫЛОВА  
Асқарбай НИЯЗОВ  
Сабит НУРЖАНОВ  
Захия НАРИМБЕТОВА

Хушбоқ НОРБҮТАЕВ  
Улфат МАҲКАМОВ  
Урлбай МИРСАНОВ  
Сафо МАТЧОН  
Шукурилло МАРДОНОВ  
Камаладин МАТЯКУБОВ  
Арзы ПАЗЫЛОВ  
Барлықбай ПРЕНОВ  
Раъно ОРИПОВА  
Бахтиёр РАХИМОВ  
Фурқат РАЖАБОВ  
Светлана СМИРНОВА (Москва, Россия)  
Дилшода САПАРБАЕВА  
Феруза САПАЕВА  
Зайниддин САНАҚУЛОВ  
Қаххор ТУРСУНОВ  
Амина ТЕМИРБЕКОВА  
Нурзода ТОШЕВА  
Куанишбек ТУРЕКЕЕВ  
Тажибай УТЕБАЕВ  
Амангелди УТЕПБЕРГЕНОВ  
Мамбеткерим ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ  
Амангелди КАМАЛОВ  
Воҳид КАРАЕВ  
Гулмира ҚАРЛЫБАЕВА  
Ризамат ШОДИЕВ  
Зафар ЧОРШАНБИЕВ  
Рустам ФАЙЗУЛЛАЕВ  
Дўстназар ХИММАТАЛИЕВ  
Тармиза ХУРВАЛИЕВА  
Умид ХОДЖАМҚУЛОВ  
Жавлонбек ХУДОЙБЕРГЕНОВ  
Гулрухсөр ЭРГАШЕВА  
Гавхар ЭШЧАНОВА  
Қонысбай ЮСУПОВ



## МАЗМУНЫ

## ТИЛ ҲӘМ ӘДЕБИЯТ

Safо Matjon. Shukur Sa'dulla she'riyatida so'z dinamikasi va estetik ta'sirchanlik .....	7
Suyunov B.T., Shofqorov A.M. So'zlarda ma'no taraqqiyoti va tibbiy terminlar semantikasi .....	12
Abduqahhorova X.A. Tarixga oid terminlar va ularning yasalishi .....	21
Жарасбаев Н.А. Түркі халықтары фольклорындағы ортақ сарындардың зерттелуі жайынан .....	25
Дусбаева Н.Н. Грамматическая интерференция в речи студентов изучение языка .....	34

## ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ

Radjapov U.R., Xakimdjanova K., Sabirov S. A., Omarov T. O'qituvchilarning raqamli kompetensiyalarini rivojlantirishning ustuvor yo'naliishlari .....	39
Лафасов Б.Ж. Талабаларнинг касбий тайёргарлигини педагогик кластер ёндашув асосида такомиллаштиришда малакавий педагогик амалиётнинг ўрни .....	47
Суяров А.М. Инновацион ёндашув асосида таълим муассасасида бошқарув фаолиятини ташкил этиш шарт-шароитлари .....	55
Muxammadiyev Q.S. Pedagogik innovatsion klaster tizimida kasbga yo'naltirishning nazariy asosi .....	60
Baxtiyorova S.I., Ganjaeva Z.O. Oly ta'lim muassasalarida o'quv jarayoni samaradorligini oshirishning klaster texnologiyalari .....	65
Qodirova N.Z. O'quvchi shaxsiga yo'naltirilgan o'quv-biluv jarayonida o'qituvchining faoliyati .....	71
Urunova D. M. Jamiyatda inklyuzivlik sharoitida inklyuziv madaniyatni oshirish asoslari .....	80
Xalimov Z.X. Professional ta'limda va kasb-hunar o'rgatishda baholash va sertifikatlashning roli .....	85
Турдиев Ж.Р. Талабаларнинг ижтимоий компетентлигини индивидуал ёндашув асосида ривожлантиришнинг педагогик жиҳатлари .....	89
Komilova Sh.R. Oly ta'limda raqamli texnologiyalarning o'rni va ahamiyati .....	94
Qurbanmurotov E.A. O'quv jarayonida tabiiy fanlarni fanlararo bog'lab o'qitish texnologiyasi .....	100
Файзуллаев Р.Х., Сайфиева Ю.Ў. Олий таълим муассасаларида талабаларнинг мустакил таълим олиш кўнималарини шаклланишида ўқитувчи ва талаба муносабатлари .....	104
Рахматуллаева Д., Рахматов Я. Таълимни рақамлаштириш асосида профессионал таълим тизими ning ўқитиш сифатини ошириш омиллари .....	111
Xalimov Z.X. Professional ta'limda va kasb-hunar o'rgatishda baholash va sertifikatlashning roli .....	118
Amanova M.A. Professional ta'lim mazmunini integrativ-modulli yondashuv asosida takomillashtirish .....	122
Amanova M.A. Professional ta'lim muassasalarida integrativ-modulli yondashuv asosida "50810101-qishloq xo'jaligini mexanizatsiyalash va servisi texnik texnologi" kasbi o'quvchilarning umumiy texnik tayyorgarligini rivojlantirishning metodik ta'minotini takomillashtirish .....	127
Karimova M.B. Tashkilotni boshqarishda ayol va erkak rahbarlarning liderlik masalasi .....	137
Бахтиёроп Б. Б. Раҳбар психологик компетентлигини ўрганишнинг илмий-назарий асослари .....	142
O'rino U.A., Raxmatova D.S. Talabalarни kasbiy kompetentligini rivojlantirish mazmuni .....	153
Ro'ziyeva Z.S. Pedagog kasbiy kompetentligi va emotsiyon jarayonlarining ijtimoiy psixologik xususiyatlari .....	160
Mirzakulova N.I. Oly ta'lim muassasalarini talabalarida kasbiy malakanı shakllantirishda pedagogik amaliyotning o'rni va ahamiyati hamda takomillashtirish yo'naliishlari .....	166
Ergasheva G.S. Bo'lajak biologiya o'qituvchisining kasbiy-metodik tayyorgarligiga qo'yiladigan zamonaviy talablar .....	174



## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНАН

**Жарасбаев Н.А.**

*Шырынық мемлекеттік педагогика университетінің  
Өзбек тіл білімі кафедрасының оқытушысы*

**Таяныш сөздер:** поэзия, проза, драматургия, жыр-дастан.

**Ключевые слова:** поэзия, проза, драматургия, поэзия.

**Key words:** poetry, prose, drama, poetry.

Қазіргі түркі халықтары жасаған жерлер ежелде түрлі саяси, мәдени және әлеуметтік байланыстардың тоғысқан мекені болды. Сонау сақ және ғұн дәуіріндегі қаһармандық дастандар, бертін келе Сырдария мен Әмудария аралығында пайда болған заастризм діні және оның киелі кітабы «Авесто», V-VI ғасырлар дүниені дүр сілкіндірген «Түркі қағанаты» тұсындағы «Орхон-Енесей» жазба ескерткіштері, орта ғасырдағы Шығыстық ояну дәуіріндегі түркі текстес ғалымдардың ғылыми-әдеби мұралары, Алтын Орда дәуірінде қағаз бетіне түскен қисса-дастандар т.б. осы өңірде дүниеге келген. Қазіргі дәуір мен ежелгі дәуірдегі ру-тайпа, елдің шекарасы бүгінгідей еместігі, бұл туындылардың бір халықтың меншіктік рухани дүниесі болмауы анық. Бүгінде қазақ даласында ежелден пайда болған әдеби мұраларды басқа түркі халықтары әдебиетіндегі туындылармен ұндес, сарындастарды салыстыра зерттеу уақыты жетті. Бұндай зерттеулер фольклорлық шығармалардағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтаумен қатар, бірін-бірі толықтыруға ықпал жасайды.

Әдебиеттану ғылымында фольклорлық ортақ сарындарды зерттеу бағастамасы Ш.Уәлиханов еңбектерінен бастау алады. Қырғыз халық ауыз әдебиеті шеберлерінің бірі емес, көптеген ұрпағы атадан балаға мұра етіп отырып жасаған, әлем әдебиеті мен мәдениеті алтын қорына қосылған жыр-маржаны - «Манас» эпосы туралы Ш.Уәлиханов «Қырғыз туралы жазбаларында» енбегінде былай дейді: «Манас – бүтін бір халықтың шығар-



масы, соның көп жылдық творчествосының жемесі – дала «Иллиадасы» десе де болғандай – деген пікірі екі елдегі халық творчествосына берген құнды пікір. Екі ел деп отырғанымыз бірі – қырғыз халқы, екіншісі – Ежелгі Грекия. Ш.Уәлиханов «Манас» жырының «Көкітай ханның өлімі және оған берілген ас» атты көркем бөлімдерінің бірін жазып алады. Оны орыс тіліне аудару арқылы қырғыз елінің ғажайып әдебиетін басқа елдерге, Европа жүртшылығына таныстырады. Шоқанның бұл еңбегі ұзақ жылдар бойы ғылымда белгісіз болып келді. Академик Ә.Марғұлан ұзақ жылдары бойы қолжазба мұрағаттарынан «Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқасын тауып, тіпті «Шоқан және Манас» атты ғылыми-монографиялық еңбек жазады. Шоқан кезінде «Манас» жырын зерттей отырып, оны Ежелгі Грекия әдебиетінің, қалаберсе, Батыс Европа әдебиетінің бастау бұлағы болған Гомердің «Иллиада» және «Одессия» шығармаларына теңейді. Яғни, «Манас» жырының бірнеші бөлімі – «Манасты» - «Дала Иллиадасы» десе, жырдың екінші бөлімі – «Семетейді» - «Дала Одессиясы» - дейді. Алайда, Шоқанның «Манас» жырына құнды баға беруі, Ежелгі Грекия әдебиетінің туындыларымен де хабары болғанын анғартады. Кезінде Ежелгі Грекия мәдениеті және әдебиеті, Батыс Европа мәдениеті мен әдебиетіне ықпал еткенін ғылым әлдеқашан мойындаған. Бір ғана мысал, Латын тіліндегі Ежелгі Рим әдебиетінің қалыптасуы және дамуына Ежелгі Грекия әдебиетінің әсері болмады деуге ешкім батына алмайды. Ежелгі Рим ақыны Андроник (түбі грек, Римге құл болып келген) Гомердің «Иллиадасы» және «Одессия» дастанын латын тіліне аударып, мектептерде оқулық ретінде қолданған.

Фалым А.Байтұрсынов «Осы құнгі әдебиеттің түп ұлгісі грек жүртінан алынған. Грек әдебиетінен ұлғіні Рум алған. Европадағы басқа жүрттар алған», - деп айтқан болса, ойын жалғастыра былай дейді: «Жер жүзіндегі жүрттардың түріндегі шығармалар бір-біріне көбіне ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатыны себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір аналың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, ұлгісі бір болған. Ол уақытта қай халықтың болса да, табиғат бауырында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап, өмір кешкен» - дегені фольклортану ғалым ретінде таныта алады.

Шындығында да фольклортану ғылымында типологиялық тұрғыдан зерттеу Ш.Уәлихановтан басталған. Фалым хикаялық кейіпкерлер – сөрел, көнаяқ т.б. туралы жазғанында өзге елдердегі образдарды қатар айтуы арқылы байқалады. Сөрел кейбір ертегілерде албастының еркегі деп берілсе, оны орыс халықтары «русский леший» яғни, орман перісі



деп атаяуы шығыс және батыс халықтарының әдебитіндегі ұқастықтарды аңғартады.

Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектері туралы айтқанда көбіне қырғыз фольклорындағы «Манас» эпосының маңыздылығын, ислам дінінің шамандықты түбекейлі ығыстырып шығарал алмай, халық санасында соңғы ғасырларға дейін екі түрлі сенімнің қатар орын алғаны жайлы жазғанда-рында жиі айтады. «Қазақтардың шамандықтың қалдықтары» атты жаз-басында қазақтың аруаққа сенімінің күштілігін атап көрсетеуі – ғылымда маңызды нәрсе. Қорқыттың әрекетінен Құдайға қарсылықтың бар екенін алғаш байқаған Ш.Уәлиханов: «Өлімнен қашудың өзі, Аланның жаз-мышынан бас тарту – ислам діні бойынша күнәкарлық, әсте болмайтын нәрсе», - деп жазған.

Қорқыттың қобыз жасауын мәдени қаһарманның ісі деп айтпаса да, оның өлімнен қашуын құдайға қарсылық деп атамаса да, бұл сарында ислам дініне жат екенін айта білу сол дәуір үшін маңызды оқиға.

Ал, М.Әуезовтің 1940 жылы Л.Соболевпен бірігіп жазған «Эпос и фольклор казахского народа» атты еңбегінде Қорқыт есімінің қазақпен тектес халықтардың көбінеде әр алуан жанрда орын алғанын ескере келіп: «Аңыз адам өмірі шақты болғанына наразы болған Қорқыттың қаршадай-ынан ажалға қарсы алысқанын баян етеді. Ауыр ойлар азаптап, әлместікті арман еткен Қорқыт ел жүрттан безіп, ажалдан қашады. Бірақ қай тара-пқа барса да, алдынан өлім елесі шығады. Тамыры қурап қалған бәйтерек «Мені тапқан ажал, сені де табады», - дейді Қорқытқа. Айдалада қурап қалған шөп те сол жайды баян етеді. Қаусап құлағалы түрған құзжартас та Қорқыт ажалы таяп қалғанын ескертеді. Осының берін көріп-естіген Қорқыт жападан-жалғыз құніренеді. Жер бетіндегі ең тұңғыш қобызды шырғай ағашынан жасап ап, құнірене күй шертеді. Құдіретті күй сарыны бүкіл жер-әлемді қаптап кетеді. Оның естіген барша жүрт бас ала алмай тындал, таңырқап қалады. Содан бері Қорқыттың күйі де, қобызы да жер бетін шарлап кезуде», - деп атап өтеді. Егер мұқият қарасақ, Қорқытқа хабар берушілер адам емес, табиғат құбылыстары екенін байқауға болады.

Өз кезегінде Науайыда шығыс және араб-парсы мәдениетінен нәр алған. Сыр бойы шайырларының шығармашылығымен таныс болған. Ойымызды нақтылай кетсек, Науай – түркі халықтарына ортақ туынды Қорқыттың мұраларынан жақынан білген.

Қорқыт Ата – түркі халықтарының беріне ортақ ұлы ойшыл-кеменгер, қобызшы. Қорқыт Ата – оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан көсем, ақыл-гөй, сәуегей, абыз, жырау және күйші.



Қорқыттың өзі және әдеби мұрасын тереңін зерттеп, жүйелі ой-пікір өрбіткен ірі ғалым Ә.Марғұлан төмендегідей пікір айтады: «Қазақ музыка және философиясында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәнір биі» дейтін рухани сұлулық пен ізгілікке бөленген үздік дәстүрлер, макамдар қалыптасып дамыған. Ол – біртуар ақын, әрі бақсы. Осы ұғымдар сәуегейлікті, емшілікті, күйшілікті сыйғызады. Демек, Қорқыт – «көремет иесі», «ұлы кеңесшісі, қария сөз айтушы, тарихи оқиғаларды жырлап беретін жырау».

Ұлы ақын Ә.Науай «Жақсылардың мәжілісі» кітабындағы: «Бақсы, жыраулар кей уақытта адамнан безіп, даланы, тау-тасты аралап жүретін еді» деген пікіріне жүгінсек, қазақтың арасынан шыққан атақты күйші-бақсылар, ақын-жыраулар (күйші-қобызышылар: Жұмағұл, Қойлыбай, Ықылас, ақын-жыраулар: Жанақ, Нысанбай, Марабай, Қазақбай) өздеріне Қорқыт атаны пір-ұстаз тұтқан.

*Жыраудың ұлken pіri Қорқыт ата,  
Бата алған барлық бақсы асқан ата.  
Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен,  
Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда*

– деп, өздерінің өлең-жырларын бастар алдында, Қорқыт атаның есімін тілге алып, шабыттанған.

Қорқыт Ата түркі халықтары руханиятындағы ғажайып бір құбылыс десек артық айтпаған боламыз. Тіпті абыз ақынның дүниеге келуінің өзі адамзатты тамсандырады. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге жүгінсек, оның анасы қыпшақ қызы құланның жаясына жерік болыпты-мыс. Бір жыл ішінде жерігі әрең дегенді қойыпты. Ана құрсағында үш жыл жатып, дүниеге келер кезінде анасы тоғыз күн толғатып, дүниеге сөйлей келеген дейді. Қорқыт туыларда үш тәулік аспанды қара бұлт қаптап, қаранғылық басқан. Қатты жел соғып, қарапайым халықтың бойында қорқыныш сезімі билейді. Қаранғы түнек, қорқынышты күні туылғаны үшін баланың атын «Қорқыт» деп қояды.

Аңыздарға қарағанда Қорқыт Ата өзінің желмаясына мініп алып, халқына мәңгі жасайтын жерүйік іздеуші, өмір бойы өлімге қарсы күресуші қайсар жан ретінде суреттейді. Әйтсе де ол өмірінің сонында «өлмейтүғын еш нәрсе жоқ екеніне» көз жеткізеді. Дүниенің төрт бұрышына барсада көр қазып жатқан адамдарға кез болады. Ғалым Ә.Марғұланның сипаттауынша, Қорқыттың желмаясы құсқа жеткізбейді, дариялардан ұшып өтеді, дүниенің бір шетінен екінші шетіне жету ештеңе емес. Суда көр қазушы болмас, терең ағыс-иірімдерге ажал, өлім келе қоймас деп ой-



лап, кілемін жайып, аспандағы құстарын ұшуын, самал желдің соққанын тиятын толқынды күйлер, толғаулар шығарады, сөйтіп ғасырға жуық ғұмыр кешіреді....

Иә, Қорқыт енділікте мәңгілік өмірді қобyz сарынан іздейді. Асқан абыз, кеменгер жырау өмірден іздегенін шынында да тапқан сияқты. Қорқыт атаның адам көңіліне жағымды сырлы күйлері, ұлағатты сөздері, әрбір жолы мақал-мәтелге айналып кеткен өлең-жырлары ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, осы бүгінгі күнге дейін жетіп келді.

Ұлы өзбек шаиры Ә.Науай: «Бетінде нұр жауғыр Қорқыт ата еді, түркі ұлысы арасында одан даңқты, одан асқан кісі жоқ еді. Оның даңқы ешкімге жеткізбейтін еді. Өзгешелігі, данышпандық атының көп шығуы, неше жыл өзінен бұрынғыны білуі, неше жыл өзінен соңғыны, келешекті айтып беруі, оның таңқаларлық нақыл сөздері осы күнге дейін бар» - дейді. Расында, осы құнды әдеби мұрада Қорқыт ата заманынада жасаған 366 алып, 24 би, 32 білгір ел басқарушы туралы нақыл сөздерде кездеседі.

«Қорқыт ата кітабында» «Қорқыт ата айтты» деген қанатты сөзер, мақал-мәтелдерге айналып кеткен тұрақты сөз тіркестері, өсиет-нақыл сөздер көп. Бұлардың бәрі дерлік ғасырдан-ғасырға қазақ қауымы арасында ауыздын-ауызға өтіп, өзгеріссіз осы күнге дейін жетіп келді. Солардың кейбіреуінен мысал келтірейік: «Тәңіріге сиынбаған адамның бірі екі болмайды. Ешкімнің тілеге қабыл болмайды. Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса сол болады. Тәңірінің жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажалы келіп өлмейді», «Жігіт тірісінде Қаратаудай қылыш, бір күн тыным білмей мал-дуние жияды, бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті болған үлесін ғана жид», «Ата-ана баласын ардақтайды, бала болса, ата-анасын сыйламайды, қылыш-қылыш заман болады», «Кекірейгенді тәңірі сүймес, көкірегін көтергенге бақ қонбас», «Қыз анадан көрмейінше үлгі алмас, ұл атадан көрмейінше үгіт алмас», «Өзіңнен тумаса ұл өгей: қаншама бағып, қаққанмен ол саған ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалынын тартып мінген соң өз жөніне кетеді», «Күлді қанша үйгенмен төбе болмас, күйеу бала – ұл болмас», «Қара есектің басына жүген таққанымен – тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанымен – бәйбіше болмас» т.с.с.

Осы сияқты дидактикалық-философиялық сарындағы қанатты сөздер, мақал-мәтелдер Қорқыт ата заманын бұрынғы сақ, ғұн дәуірінде де ел билеуші әкімдер, ру-тайпа көсемдері өздерінің белгілі бір мәселе жөніндеңі ой-тұжырымдарын көпшілік қауымға түсінікті болуы үшін қанатты сөздермен қорытындылап, қысқаша қайратын болған. Ал Қорқыт ата бұл афоризмдерді өз заманының талап-тілкетеріне сәйкес қайта тудырған.



Арадан бірнеше ғасыр өтіп, Қорқыт ата айтты деген қанатты сөздер XVIII ғасырдағы ақын-жыраулардың поэзиялық туындыларында көрініс тапты.

Қорыта айтқанда, «Қорқыт ата кітабы» түркі халықтарының сан ғасырлық мәдениетін, әдет-ғұрпын, көркем сөз үлгілерін, ертегі-аңыздарын біздің заманымызға жеткізген құнды әдеби мұра болып табылады.

Сондай-ақ, 2018 жылдың 26 қараша – 1 желтоқсан аралығында Шығыс Африкадағы Маврикий Республикасының Порт-Луи қаласында өткен ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында "Қорқыт Ата мұрасы" көпүлттүк номинациясы қолдау тауып, бүкіл әлемге танылды. Қорқыт Ата мұрасын ЮНЕСКО тізіміне енгізу жұмыстары 2014 жылдың басталып, осы мәселе бойынша бірқатар кездесулер өткізілді. 2016-2017 жылдары Қызылорда қаласында ЮНЕСКО қолдан-қуаттауымен көшпелі отырыстары өтті.

Естеріңізге сала кетейік, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында 1980 жылдары Түркі әлеміне ортақ тұғырлы тұлғасы Қорқыт Атанаң құрметіне мемориалдық кешен салынды. 2014 жылдың Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша кешенге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қосымша жаңа құрылыш нысандары салынды.

Енділікте, біздің міндетіміз Қорқыт Ата мұрасын халықаралық дәрежеде насихаттау болып табылады. Дегенімен бүгінгі жастар арасында Қорқыт ата кім? Қорқыт ата мұрасы жайлы не білеміз? деген сұрақтар аздап болсада ойлантырса ғажап емес.

Түркі халықтары әдебиетінің ежелгі дәуірі туралы сөз өткенде, ең алдымен, екі мәселені айқын түсінуіміз керек. Біріншісі – түркі халықтары әдебиетінің ежелгі дәуірдегі әдеби туындылары тек қазақ халқының ғана еншісі емес, сондай-ақ, олардың басқа түркі тектес халықтардың да әдебиетіне ортақ екендігі. Екіншісі – қазақ тілінде емес, ежелгі түркі тілінде жазылғандығы.

Түркі қағанатының құрылудына негіз болған ру-тайпалар ол замандарда қазіргі Қазақстанды, Орта Азияны, Оңтүстік-шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойын, Каспий жағалауларын мекен өткен. Олар қазақ, өзбек, қырғыз, әзіrbайжан, түркімен, ұйғыр, қарақалпақ, хакас, башқұрт, татар халықтарының төл құрамына енген ру-тайпалармен аралас өмір кешкен. Сөйтіп, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірі бір-бірімен өзара тығыз байланысты болған түркі тілдес халықтардың әдебиеті де ортақ болды. Үл түркі тайпаларының жазу мәдениеті ертеден пайда болғанын көрсетеді. Ол жазулар дами келе Құлтегін, Тонұқық, Қорқыт ата сияқты өшпес мұралардың, сондай-ақ, орта ғасыр ойшыл-ғұламалар Жұсіп Баласағұни,



Махмұд Қашқари, Ахмет Йасауи, Бақырғани, Хорезмилердің, т.б. шығармаларының сақталуына негіз болды.

"Ежелгі әдебиет" (VII-XIV ғғ.) деп атаптын жеті ғасырды қамтыған әдебиетіміздің, ұзақ тарихына қатысты ескерткіштер, шығармалар аз емес. Олардың алғашқылары деп түркі ру-тайпаларына ортақ Орхон ескерткіштерін "Қорқыт" және "Оғыз-наманы" атайды т.б. Сонымен бірге бұлардың қатарына ежелгі дәуір әдебиетінің інжу-маржандары "Кодекс куманикус", "Махаббатнама", "Жұсіп-Зылиха", "Гүлстан", "Домбауыл", т.б. қиссалар, дастандар, шежірелер, тарихи мұралар енеді.

Міне, ежелгі дәуір әдебиетінің белгілі мұралары, ұлгілері осындағы. Олар өзінен кейінгі әдебиеттің дамуына, шындалуына негіз, түп төркін болған.

Біздің ендігі әңгімеміз ежелгі мәдениет ескерткіштерінің бір кереметі, бүкіл әлемге әйгілі көздің жасымен, жүректің қанымен жазылған – Құлтегін ескерткіштері жайында болмақ. Бұл ескерткіштер Орхон, Енисей өзендерінің (Сібірдегі) бойынан табылған. Оларды алғаш тапқандар қуғында журген швед офицері Страленберг және орыс ғалымы Н.М.Ядринцевтер т.б. болды. Сонау ежелгі дәуірден қаймағы бұзылмай бізге жеткен осы бір ғажайып тасқа қашалып жазылған жазуларды ғылымда руналық жазулар деп аталды. Руна жазуы дегені – құпия, сыры ашылмаған деген мағынаны білдіреді. Ол жазуларда VII ғасырдағы дүниені дүр сілкіндірген – Түркі қаганатының құрамындағы толып жатқан руладың өзара есепсіз жауласуы, жорықтары мен соғыстары суреттеледі. Бұл ескерткіштердің басты кейіпкерлері – хандар, бектер, тектілер туралы баяндаудынан сол кездегі тұрмыс жайлы түсінік те аламыз. Бұл тайпалар теке қана іштей жауласып қана қойған жоқ. Сондай-ақ, сыртқы жауларға қарсы құресі де бейнеленген.

Орхон жырларында "Алпамыс", "Қобыланды" жырларындағы сияқты ел өмірін суреттеуде, ерлікті жырлауда, хан-бектерді мадактауда өлеңмен бірге арасында қара сөздер де араласып отырады. Соңдықтан, оны эпикалық мұрамыздың көне ұлгілерінің бірі деуге болады. Онда шешендік сөз нұсқалары да мол. Оларда өз елін, өз жерін сыртқы жаулардан қорғау идеясы көрінеді. Ерлік, батырлық дәріптеледі. Құлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейінгі өміріндегі ерлік істері, ел басқаруы баяндалады.

*Бастыны еңкейтті,  
Тізеліні бүктірді,  
Бек ұлдары құл болды,*



Пәк қыздары күң болды, – деп суреттеді Күлтегін ерлігі. Күлтегіннің ерлігінің арқасында түркі халқының: "Кедейі бай болды", "азы көп болды", – деген сияқты жолдардан жырдың түпкі мұраты ел бірлігі мен оның бақытты өмірін аңсай екенін аңғару қын емес.

Бұдан шығатын қорытынды – қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде қаланған. Орхон ескерткіштері – алғашқы ерлік жырларының бірі. Бұған тағы бір дәлел – жырда Білге Қаған, Күлтегін батыр, Тонықек жырау сияқты кейіпкерлер образдың дәрежеге жеткізіле жан-жақты суреттелген. Білгенің жырда қайда, қандай жорықтарға барғаны, қандай, қаншалықты ерлік көрсеткені толық суреттеді, ол халықты жинап ұйымдастыруши ретінде бейнеленеді. Білгенің іс-әрекеттері ғана емес, көңіл-күйі де баяндалады. Ол дұшпандар салған іріткіге еріп, қырылып-жойылып бара жатқан халқына қатты назаланады.

Жырда Күлтегін бейнесі үнемі өсу үстінде болады. Күлтегін – түркі халқының ерлік сипаттарын бойына дарытқан жиынтық образ. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түркі тайпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар. Оның тұлғасында халықтың сондай батырым болса деген арманы бар. Жырда батыр мерт болғанда, қазасына досы ғана емес, дұшпандарының да қосыла жылауының кең суреттелуі халықтың бұлжымас ерлік дәстүрлерді қасиеттейтінін дәйектей түседі.

Қорыта айтқанда, Күлтегін, Білге Қаған және Тонықек ескерткіштері – мазмұны мен түрі жағынан да, тілі мен көркемдеген құралдары жағынан да, өлең құрылышы, композициясы жағынан да ежелгі түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен бірге, ол түркі халықтары әдебиетінің де ортақ мұрасы, сондай-ақ әлем әдебиетінің асыл қазынасынан ойып тұрып орын алған әдеби мұралар.

#### Әдебиеттер:

1. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2001. – 249-284 б.
2. Әлмұзанова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы, «Арыс», 2009. – 320 б.
3. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы, «Ғылым», 2002. – 320 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. Он томдық. 1-т. – Алматы, «ҚазАқпарат», 2008. – 812 б.
5. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық/ Құраст., Алғы сөз мен түсініктерін жазған О.Нұрмамбетова. – Алматы, “Жазушы”, Т.1: Батырлар жыры/ Жауапты шығ. А.Айдашев. 1986. – 264 б.
6. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық/ Құраст., түсініктерін жазған М.Ғұмарова. – Алматы, “Жазушы”, Т.3: Батырлар жыры/ Жауапты шығ. ЖӘбішев. 1987. – 304 б.

**РЕЗЮМЕ**

Бүгінгі таңда түркі халықтарына ортақ мұра - қаһармандық эпостарды ғылыми түрғыда жаңаша зерттеу қажеттілігі туып отыр. Ұзақ жылдар түркі халықтары арасындағы мәдени, рухани, әдеби байланыстар лажсыз үзіліп қалғандықтан оларды салыстырмалы түрде зерттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою мүмкіндігі болмады. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін түркі халықтары баршамызға ортақ рухани мұра – бір-бірінің эпикалық туындыларын салыстыра қарастырып, ортақ сипаттың анықтап, оларды жариялай, зерттей, зерделей бастады. Туыстас түркі халықтарының арасындағы дәстүр жалғастығының сакталғандығын бағамдау – қазіргі таңдағы аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

**РЕЗЮМЕ**

После обретения независимости наша ценность смылась, мы в некоторых аспектах раскрыли свое духовное наследие, появилась возможность изучить образцы устной литературы разных народов, особенно мудреные изречения, поэзию эпоса, рассказы о знаменитых воинах и правителях, их философские, философские, дидактические изречения, которые еще не изучены до конца. Среди них – восточные сказания и дастаны, которые являются нашей духовной ценностью. Рассказы и дастаны, написанные в восточном стиле – наше наследие, которое живет с нами на протяжении веков.

**SUMMARY**

After independence our value has rinsed, we have discovered our spiritual inheritance up to some aspects, there appeared a chance to study different fellow nations' oral literature samples, especially wisdom sayings, epos poetry, stories about famous warriors and rulers, and their philosophical, didactic sayings that aren't studied fully yet. Among them there is – oriental stories and dastans which are our spiritual value. Stories and dastans which are written in oriental style – our inheritance which live throughout centuries with us.